

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ІНД 121 ВНД СҚУ 121	Басылым: бірінші Издание: первое	10 беттің 1 беті Стр. 1 из 10
---	--	----------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

БЕКІТЕМІН

«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ

Басқарма Төрағасы – Ректор

Е. Шуланов

«06» 2022 ж.



«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия туралы ЕРЕЖЕСІ

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

- 1.1. Осы Ереже «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ-дағы (бұдан әрі – Университет) ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қызметін реттейді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- 2.1. Осы Ереже келесі құжаттардың талаптары негізінде әзірленді:
- 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы.
 - 2) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңы.
 - 3) «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ диссертациялық кеңесі туралы ережесі.
 - 4) «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университеті» КеАҚ Корпоративтік этикалық кодексі.

3. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- 3.1. Ережеде келесі белгілер мен қысқартулар қолданылады:
- 1) **КеАҚ** – Коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
 - 2) **ҚР** – Қазақстан Республикасы.
 - 3) **Университет** – «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ.
 - 4) **ИИМ жөніндегі Басқарма мүшесі** – Инновациялар және интернационалдандыру мәселелері жөніндегі Басқарма мүшесі.
 - 5) **Бастамашы** – профессор-оқытушылар құрамының өкілі, Университет қызметкері немесе студенті, немесе Комиссия қарауына өтінім беретін Университетпен бірлескен ғылыми зерттеуі бар адам.
 - 6) **Өтінім** – Комиссияның қарауы үшін Бастамашы электрондық және баспа түрінде беретін қажетті құжаттар топтамасы.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ІНД 121 ВНД СҚУ 121	Басылым: бірінші Издание: первое	10 беттің 2 беті Стр. 2 из 10
---	--	----------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

- 4.1. Комиссия консультативтік-кеңесші орган болып табылады және ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде этикалық нормалар мен қағидаттардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.
- 4.2. Зерттеудің ғылыми негізділігі, ресімделуі (норманы бақылау), оған адамдардың ерікті қатысуы, зерттеушілердің біліктілігі, зерттеудің пайдаланылатын тәсілдері мен әдістерінің дұрыстығы зерттеудің этикалық зерттеудің міндетті шарттары болып табылады.

5. КОМИССИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

- 5.1. Комиссияның негізгі мақсаттары:
 - Университетте орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ғылыми эксперименттердің нәтижелерін талдау;
 - зерттеу қызметінің ағымдағы жұмысында туындайтын этикалық қарама-қайшылықтарды шешу.
- 5.2. Комиссияның міндеттері Университеттің қызметкерлері мен білім алушыларының ғылыми зерттеулерін, диссертацияларын, жобалары мен жарияланымдарын келесі талаптарға қарау және бағалау болып табылады:
 - 1) «М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ корпоративтік этика кодексіне сәйкес ғылыми этиканы сақтау.
 - 2) Адамдарға ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде зерттеу этикасы саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестігі.
 - 3) Жануарларға ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде зерттеу этикасы саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестігі.
 - 4) Адам денсаулығына, экологияға және қоршаған ортаға нақты немесе ықтимал биологиялық немесе химиялық қауіп төндіретін материалдарды пайдалану мен кәдеге жаратуды көздейтін ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу кезінде ғылыми-зерттеу этикасының халықаралық стандарттарына сәйкестігі.
 - 5) Ғылыми жұмыстың қаржылық қауіпсіздігінің нормаларына сәйкестігі.

6. НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

- 6.1. Комитеттің негізгі функциялары:
 - 1) Өтінімді ғылыми этика нормаларын сақтау мәніне қарау;
 - 2) адамдарға ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде ғылыми этика қағидаттары мен нормаларын сақтау тұрғысынан Өтінімді қарау;
 - 3) жануарларға ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде ғылыми этика қағидаттары мен нормаларының сақталуы тұрғысынан Өтінімді қарау;
 - 4) ғылыми-зерттеу этикасы қағидаттарына сәйкес адам денсаулығына, экологияға және қоршаған ортаға нақты немесе ықтимал биологиялық немесе химиялық қауіп төндіретін материалдарды пайдалану мен кәдеге жаратуды көздейтін ғылыми-зерттеу жобасын жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында Өтінімді қарау.
 - 5) экономикалық қауіп-қатерді болдырмау мақсатында өтінімді қарау.
- 6.2. Комиссия қарағаннан кейін Бастамашы Өтінімге енгізген барлық өзгерістерді, толықтыруларды қайта қарау.

7. КОМИССИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ

- 7.1. Комиссия құрамы тұрақты және уақытша мүшелерден құрылады.
- 7.2. Комиссияның тұрақты мүшелерінің құрамына кіреді:
 - төраға – ИИМ жөніндегі Басқарма мүшесі;

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ІНД 121 ВНД СҚУ 121	Басылым: бірінші Издание: первое	10 беттің 3 беті Стр. 3 из 10
---	--	----------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

- төраға орынбасары – Ғылым департаменті директоры;
 - хатшы.
- 7.3. Комиссияның уақытша мүшелерінің санына қаралатын Өтінімге сәйкес келетін ғылым саласындағы үш ғалым кіреді.
- 7.4. Уақытша мүшелердің ғылыми дәрежесі болуы керек немесе PhD докторы болуы тиіс.

8. КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 8.1. Комиссия отырыстарды Өтінімдердің түсуіне қарай өткізеді, бірақ өтінім түскеннен кейін 5 күннен кешіктірмей қарастырады.
- 8.2. Комиссия Өтінімдерінің қаралуын бақылауды Комиссия төрағасы ұйымдастырады.
- 8.3. Ғылыми этика қағидаттары мен нормаларына сәйкестігі мәселесін қарау туралы Комиссияға келіп түскен Өтінімдер Комиссия отырысын өткізуге негіз болып табылады.
- 8.4. Төраға:
- Комиссия жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады;
 - Комиссия отырысын шақырады;
 - Комиссия отырыстарында төрағалық етеді;
 - Комиссия мүшелеріне Комиссия жұмысына қатысты мәселелер бойынша нұсқаулар береді;
 - Комиссия шешімдерін бекітеді.
- 8.5. Комиссия хатшысы:
- комиссия отырыстарының күн тәртібінің жобасын қалыптастырады;
 - Комиссия отырыстарына материалдар дайындауды ұйымдастырады;
 - құжаттарды Комиссия мүшелерінің қарауына жібереді;
 - Комиссия мүшелерін өткізілетін орны, уақыты туралы хабардар етеді, сондай-ақ Комиссия отырыстарының күн тәртібін жөнелтуді ұйымдастырады;
 - қажет болған жағдайда Комиссия отырыстарының хаттамаларынан үзінді көшірмелер ұсынады;
 - комиссияның хаттамаларын, шешімдері мен ұсынымдарын сақтауды қамтамасыз етеді.
- 8.6. Комиссия хатшысының дауыс беру құқығы жоқ.
- 8.7. Комиссияның тұрақты мүшелері зерттеулердің толық және барабар этикалық сараптамасын қамтамасыз ету үшін әрбір 3 жыл сайын этикалық мәселелер бойынша оқытудан өтуі қажет.
- 8.8. Келіп түскен өтінімдерді зерттейтін Комиссия мүшелері ғылыми жобаның жан-жақты талдауын қамтамасыз ету мақсатында Бастамашыдан қосымша ақпаратты сұрауға және алуға құқылы.
- 8.9. Ұсынылған құжаттарды талдау немесе зерттеу барысында туындаған этикалық проблемаларды шешу тәсілдерін жан-жақты және толық қарау Комиссия мүшелерінің міндеті болып табылады.
- 8.10. Комиссия шешімдері Комиссия отырысында мүшелерінің кемінде жартысының қатысуымен қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.
- 8.11. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.
- 8.12. Комиссия қаралған Өтінімдердің нәтижелері бойынша Бастамашыға дәлелді қорытынды береді (Қосымша 1). Зерттеулер бойынша ұсынымдар болған кезде анықталған кемшіліктер жойылуы тиіс және Комиссияға 7 күннен кешіктірілмей түзетілген жұмыс нұсқасы ұсынылуы тиіс.

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ІНД 121 ВНД СҚУ 121	Басылым: бірінші Издание: первое	10 беттің 4 беті Стр. 4 из 10
---	--	----------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

- 8.13. Зерттеуді тексеру барысында бастамашының кінәсінен туындаған күмәнді немесе этикалық нормаларға қайшы келетін жағдайлар туындаған кезде Комиссия Бастамашыны қорғауға жібермеу туралы мәселені қарауға құқылы.
- 8.14. Комиссия шешімдері төраға мен хатшы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.
- 8.15. Комиссияның шешімі орындау үшін міндетті болып табылады.

9. КОМИССИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫН АЛУ КЕЗЕҢДЕРІ

- 9.1. Комиссияның қорытындысын алу келесі кезеңдерден тұрады:
- 1) Бастамашы Өтінімді дайындайды және Комиссия хатшысына жібереді;
 - 2) ИИМ жөніндегі Басқарма мүшесі өз бұйрығымен қаралатын Өтінімге сәйкес Комиссия құрамын бекітеді;
 - 3) Хатшы Бастамашыдан келіп түскен құжаттарды Комиссия мүшелеріне қарауға жібереді;
 - 4) Тексеруден өткен және оң шешім алған ғылыми жұмыстар комиссияның қорытындысын алады.

10. КОМИССИЯ ШЕШІМДЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ

- 10.1. Комиссия шешімдері мен ұсынымдарының орындалуын бақылауды ұйымдастыру Комиссия хатшысына жүктеледі.
- 10.2. Комиссияның шешімдері мен ұсынымдарын бақылаудан алу олардың орындалуына қарай Комиссия шешімімен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

11. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

- 11.1. Осы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекіту тәртібі СҚУ ПРО 401-20 Ішкі нормативтік құжаттама процедурасымен анықталған.
- 11.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды Ережені орындауға қатысатын факультеттер, кафедралар мен құрылымдық бөлімшелер, Басқарма, Ғылыми кеңес енгізеді.
- 11.3. Ережеге өзгерістер Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

ПОЛОЖЕНИЕ

об Этической комиссии по оценке научных исследований НАО «Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева»

1. ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ

- 1.1. Настоящее Положение регламентирует деятельность Этической комиссии по оценке научных исследований (далее – Комиссия) в НАО «Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева» (далее – Университет).

2. НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ

- 2.1. Настоящее Положение разработано на основании требований следующих документов:
- 1) Закон РК от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании».



- 2) Закон РК от 18 февраля 2011 года № 407-IV «О науке».
- 3) Положение о диссертационном совете НАО «Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева».
- 4) Кодекс корпоративной этики НАО «Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева».

3. ОБОЗНАЧЕНИЯ И СОКРАЩЕНИЯ

- 3.1. В Положении используются следующие обозначения и сокращения:
- 1) **НАО** – Некоммерческое акционерное общество.
 - 2) **РК** – Республика Казахстан.
 - 3) **Университет** – НАО «Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева».
 - 4) **Член Правления по ВИИ** – член Правления по вопросам инноваций и интернационализации.
 - 5) **Инициатор** – представитель профессорско-преподавательского состава, работник или студент Университета, либо лицо, имеющее совместное научное исследование с Университетом, которое подает Заявку, для рассмотрения Комиссией.
 - 6) **Заявка** – пакет необходимых документов, подаваемый Инициатором, в электронном и печатном виде для рассмотрения Комиссией.

4. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

- 4.1. Комиссия является консультативно-совещательным органом и осуществляет контроль за соблюдением этических норм и принципов при проведении научных исследований.
- 4.2. Обязательным условием этичности исследования является его научная обоснованность, оформление (нормоконтроль), добровольность участия в нем людей, квалификация исследователей, корректность используемых подходов и методов исследования.

5. ЗАДАЧИ КОМИССИИ

- 5.1. Основными целями Комиссии являются:
- анализ результатов научно-исследовательских работ и научных экспериментов, выполненных в Университете;
 - разрешение этических конфликтов, возникающих в текущей работе исследовательской деятельности.
- 5.2. Задачами Комиссии являются рассмотрение и оценка научных исследований, диссертаций, проектов и публикаций работников и обучающихся Университета следующим требованиям:
- 1) Соблюдение научной этики в соответствии с Кодексом корпоративной этики НАО «СКУ им. М. Козыбаева».
 - 2) Соответствие международным стандартам в области исследовательской этики при проведении научных исследований на людях.
 - 3) Соответствие международным стандартам в области исследовательской этики при проведении научных исследований на животных.
 - 4) Соответствие международным стандартам научно-исследовательской этики при проведении научно-исследовательской деятельности, подразумевающей использование и утилизацию материалов, представляющих реальную или

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ІНД 121 ВНД СҚУ 121	Басылым: бірінші Издание: первое	10 беттің 6 беті Стр. 6 из 10
---	--	----------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

потенциальную биологическую или химическую угрозу здоровью человека, экологии и окружающей среде.

5) Соответствие нормам финансовой безопасности научной работы.

6. ОСНОВНЫЕ ФУНКЦИИ

6.1. Основные функции комитета:

- 1) рассмотрение Заявки на предмет соблюдения нормы научной этики;
- 2) рассмотрение Заявки на предмет соблюдения принципов и норм научной этики при проведении научных исследований на людях;
- 3) рассмотрение Заявки на предмет соблюдения принципов и норм научной этики при проведении научных исследований на животных;
- 4) рассмотрение Заявки с целью обеспечения проведения научно-исследовательского проекта, подразумевающего использование и утилизацию материалов, представляющих реальную или потенциальную биологическую или химическую угрозу здоровью человека, экологии и окружающей среде, в соответствии с принципами научно-исследовательской этики.
- 5) рассмотрение Заявки с целью недопущения экономической угрозы.

6.2. Рассмотрение всех изменений, дополнений, вносимых Инициатором в Заявку после ее рассмотрения Комиссией.

7. СТРУКТУРА КОМИССИИ

7.1. Состав Комиссии формируется из постоянных и временных членов.

7.2. В состав постоянных членов Комиссии входят:

- председатель – член Правления по ВИИ;
- заместитель председателя – директор Департамента науки;
- секретарь.

7.3. В число временных членов Комиссии включаются трое ученых из той области науки, которая соответствует рассматриваемой Заявке.

7.4. Временные члены должны иметь ученую степень либо быть доктором PhD.

8. ОРГАНИЗАЦИЯ РАБОТЫ КОМИССИИ

8.1. Комиссия проводит заседания по мере поступления Заявок, но не позднее 5 дней после поступления Заявки.

8.2. Контроль рассмотрения Заявок Комиссии организует председатель Комиссии.

8.3. Основанием проведения заседания Комиссии является поступившие в Комиссии Заявки о рассмотрении вопроса соответствия принципам и нормам научной этики.

8.4. Председатель:

- осуществляет общее руководство работой Комиссии;
- созывает заседания Комиссии;
- председательствует на заседаниях Комиссии;
- дает указания членам Комиссии по вопросам, касающимся работы Комиссии;
- утверждает решения Комиссии.

8.5. Секретарь Комиссии:

- формирует проект повестки дня заседаний Комиссии;
- организует подготовку материалов к заседаниям Комиссии;
- рассылает членам Комиссии документы для рассмотрения;



- оповещает членов Комиссии о месте, времени проведения, а также организывает отправку повестки дня заседаний Комиссии;
 - при необходимости, предоставляет выписки из протоколов заседаний Комиссии;
 - обеспечивает хранение протоколов, решений и рекомендаций Комиссии.
- 8.6. Секретарь Комиссии не имеет права голоса.
- 8.7. Постоянным членам Комиссии необходимо проходить обучение по этическим вопросам каждые 3 года для обеспечения полной и адекватной этической экспертизы исследований.
- 8.8. Члены Комиссии, изучающие поступившие Заявки, имеют право запрашивать и получать у Инициатора дополнительную информацию в целях обеспечения всестороннего анализа проекта исследования.
- 8.9. Обязанностью членов Комиссии является всестороннее и исчерпывающее рассмотрение способов разрешения этических проблем, выявленных в ходе анализа, представленных документов, либо возникших в ходе исследования.
- 8.10. Решения Комиссии принимаются на заседании Комиссии в присутствии не менее половины членов простым большинством голосов.
- 8.11. При равенстве голосов голос Председателя является решающим.
- 8.12. По результатам рассмотренных Заявок Комиссия выдает Инициатору мотивированное заключение (Приложение 1). При наличии рекомендаций по исследованиям выявленные недостатки должны быть устранены, и в Комиссию должен быть предоставлен исправленный вариант работы, не позднее 7 дней.
- 8.13. При возникновении в ходе проверки исследования, сомнительных или противоречащих этическим нормам ситуаций, возникших по вине Инициатора, Комиссия вправе рассмотреть вопрос о недопущении Инициатора к защите.
- 8.14. Решения Комиссии оформляются протоколом, подписываемым Председателем и секретарем.
- 8.15. Решение Комиссии обязательны для исполнения.

9. ЭТАПЫ ПОЛУЧЕНИЯ ЗАКЛЮЧЕНИЯ КОМИССИИ

- 9.1. Получение заключения Комиссии состоит из следующих этапов:
- 1) Инициатор готовит Заявку и отправляет секретарю Комиссии;
 - 2) Член Правления по ВИИ своим приказом утверждает состав Комиссии в соответствии с рассматриваемой Заявкой;
 - 3) Секретарь рассылает документы, полученные от Инициатора членам Комиссии для рассмотрения;
 - 4) Научные работы, прошедшие проверку и получившие положительное решение, получают заключение Комиссии.

10. КОНТРОЛЬ ИСПОЛНЕНИЯ РЕШЕНИЙ КОМИССИИ

- 10.1. Организация контроля исполнения решений и рекомендаций Комиссии возлагается на секретаря Комиссии.
- 10.2. Снятие с контроля решений и рекомендаций Комиссии производится по мере их выполнения в установленном решением Комиссии порядке.

11. ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ІНД 121 ВНД СҚУ 121	Басылым: бірінші Издание: первое	10 беттің 8 беті Стр. 8 из 10
---	--	----------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

- 11.1. Порядок утверждения изменений и дополнений к данному Положению определен процедурой ПРО СҚУ 401-20 Внутренняя нормативная документация.
- 11.2. Внесение предложений по изменениям и дополнениям данного Положения осуществляют факультеты, кафедры и структурные подразделения, задействованные в исполнении Положения, Правление, Ученый совет.
- 11.3. Внесение изменений в Положение осуществляется на основании приказа Председателя Правления – Ректора Университета.

**ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН:
РАЗРАБОТАНО:**

ҒД директоры/
Директор ДН



И. Курмашев

**КЕЛІСІЛГЕН:
СОГЛАСОВАНО:**

ИИМ жөніндегі Басқарма мүшесі/
Член Правления по ВИИ



Д. Мектепбаева

Бас комплаенс офицер/
Главный комплаенс офицер



И. Джемалединова

СДД директоры/
Директор ДСР



М. Погребицкая

ЗБ жетекшесі/
Руководитель ЮО



Л. Кудрицкая

ИЖБ жетекшісі/
Руководитель ОИП



Е. Брындина

Қосымша 1

**«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ
ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі Этикалық комиссия қорытындысы**

1.	Т.А.Ә	
2.	Мамандық (білім беру бағдарламасы)	
3.	Оқу кезеңі	
4.	Ғылыми жұмыстың тақырыбы, бекітілген күні	
5.	Ғылыми Консультанттар туралы деректер - Т. А. Ә, (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет.
8.	Ғылыми зерттеулер нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет.
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	
10.	Ғылыми жұмыстың қаржылық қауіпсіздігінің нормаларына сәйкестігі	
11.	Адамдарға ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде зерттеу этикасы саласындағы нормалардың сақталуы (болған жағдайда)	
12.	Жануарларға ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде зерттеу этикасы саласындағы нормалардың сақталуы (болған жағдайда)	
13.	Адам денсаулығына, экологияға және қоршаған ортаға нақты немесе ықтимал биологиялық немесе химиялық қауіп төндіретін материалдарды пайдалану мен кәдеге жаратуды білдіретін ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу кезінде ғылыми-зерттеу этикасы нормаларының сақталуы (болған жағдайда)	

Этикалық комиссияның төрағасы _____ (Т.А.Ә) _____ (қолы)

Этикалық комиссияның хатшысы _____ (Т.А.Ә) _____ (қолы)

Приложение 1

Заключение Этической Комиссии по оценке научных исследований НАО «Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева»

1.	Ф.И.О	
2.	Специальность (образовательная программа)	
3.	Период обучения	
4.	Тема научной работы, дата утверждения	
5.	Данные о научных консультантах - Ф.И.О. (при его наличии), должности и места работы, ученые степени, гражданство	
6.	Объекты исследования	
7.	Нарушения в процессе планирования, оценки, отбора и проведения научных исследований	Нарушения выявлены или не выявлены. Если нарушения выявлены, необходимо указать их.
8.	Нарушения в процессе распространения результатов научных исследований	Нарушения выявлены или не выявлены. Если нарушения выявлены, необходимо указать их.
9.	Каким образом проводилась защита прав, безопасности и благополучия объектов исследования (в случае наличия объектов живой природы и среды обитания)?	
10.	Соответствие нормам финансовой безопасности научной работы	
11.	Соблюдение норм в области исследовательской этики при проведении научных исследований на людях (в случае наличия)	
12.	Соблюдение норм в области исследовательской этики при проведении научных исследований на животных (в случае наличия)	
13.	Соблюдение норм научно-исследовательской этики при проведении научно-исследовательской деятельности, подразумевающей использование и утилизацию материалов, представляющих реальную или потенциальную биологическую или химическую угрозу здоровью человека, экологии и окружающей среде (в случае наличия)	

Председатель Этической комиссии _____ (Ф.И.О) _____ (подпись)

Секретарь Этической комиссии _____ (Ф.И.О) _____ (подпись)